

первой государственности – личная победа А. Букейханова, чья жизнь подверглась аресту в 1937 году и была наполнена множеством испытаний и лишений. Сам А. Букейханов сопоставил власть большевиков с «периодом великого бедствия» – «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» [5].

Бесчеловечным и необъяснимым явлением проявления тоталитаризма является создание советских лагерей. На территории Казахстана было 11 лагерей, которые входили в систему ГУЛАГ – Карлаг, Алжир, Песчаный, Степной, Кингир и другие. Эти лагеря превратились в экономическую империю тоталитарного режима по использованию бесплатной рабочей силы и замкнутого пространства отсутствия свободы и справедливости для тех, кто был неугоден советской системе. Современный Казахстан хранит историческую память о бесчеловечности в музеях узников лагерей.

Как отмечает ученый Юваль Ной Харари в книге «21 урок для XXI века», что бесчеловечные поступки в истории были совершены вследствие невежества и безразличия, и в итоге несправедливость возникает не из-за предрассудков людей, а в результате масштабных структурных сдвигов и изменений во времени. Возможно, наше чувство справедливости устарело и проблема вовсе не в ценностях. Проблема заключена в применении данных ценностей в сложном глобальном мире [6, с. 275-278]. Чтобы сражаться с деспотическими режимами, потребуется немало храбрости и отваги. XXI век учит людей отличать истину от лжи, развивая внутри человека нравственные качества сострадания, справедливости, человечности, быть благоразумным и отвечать за свои поступки.

Таким образом, подводя итоги, бесчеловечность имеет предельную актуальность в наше время. Всестороннее оценивание исторической ситуации 30-х годов XX века очень важно для молодого поколения, особенно в рамках проблемы нравственности в истории. Бесспорно, бесчеловечность является абсолютным злом в мире людей. По опыту прошлого человечество должно учиться не совершать таких масштабных ошибок в будущем.

Использованная литература:

1. Михайленко В.И., Нестерова Т.П. Тоталитаризм в XX веке: Теоретический курс. Екатеринбург: Издательство Уральского университета, 2000. – С. 25, 29.
2. Мозохин О. Репрессии в цифрах и документах, деятельность органов ВЧК - ОГПУ - НКВД -МГБ. – Издательство: Вече, 2018. – С144.
3. Казахстанская правда. 31 мая 2021. <https://kazpravda.kz/n/velikaya-dan-na-vse-vremena/>
4. Ашаршылық глазами Сары Кэмерон. 15 Декабря 2018. <https://exk.kz/opinion/69982/asharshylyk-ghlazami-sary-kemieron>
5. Койгельдиев М.К. Сталинизм и репрессии в 1920 1940 годы. Алматы, 2009.
6. Харари Ю. Н.: 21 урок для XXI века. Россия, 2019. – С. 275 – 278.

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ БАСПАЛДАҒЫ

Жұмабай А.

Ғылыми жетекші: PhD, аға оқытушы Батырбекқызы Г.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

gbatyrbekkyzy@mail.ru

Шымкент қ.

Еліміз тәуелсіздік алғалы латын әліпбиіне көшу мәселесінің маңыздылығы артып келеді. Жұртшылық пен зиялы қауымның тарапынан қызу талқылауға түсуі қоғамдық дұрыс көзқарастың қалыптасуына ықпал етуде. Құнды ойлар мен ұтымды ұсыныстар – болашақ үшін жасалып жатқан игі іс бастамасы.

Еліміздің латын әліпбиіне көшуі – ұлтымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі. Латын әліпбиін қолдану түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады. Ұрпақ болашағы мен ұлт тұтастығы үшін мұндай шешім қабылдау өте маңызды, бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, ұрпағымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға, мемлекеттік тіл мәртебесін арттыруға ықпалы зор. Жалпы түрік халықтарымен бірге болудың бір үлкен жолы – осы ортақ әліпбиде жүру.

1929-1940 жылдар аралығында латын әліпбиі қолданыста болғаны белгілі, сондықтан да көптеген ғалымдардың пікірін ескерсек, латын әліпбиіне көшу соншалықты қиындық тудырмайды. Өйткені, латын қарпі ғылым мен техникада кең қолданысқа ие, жастарымыз күнделікті қолданып та жүр, тек қазақ тілін білмейтін отандастарымыз үшін қиын болуы мүмкін. Сондықтан да бұл қадамның маңыздылығын ескерсек, қиыншылығын іздеп, терудің қажеті жоқ. Тек бұл тұрғыда басқа латын әліпбиіне көшкен түркі тілдес бауырларымыздың тәжірибесінен сабақ алуымыз керек, жетістіктері мен кемшіліктерін саралап, зерделеуіміз керек деп ойлаймын. Тарихи, әдеби мұрамызды сақтап қалу үшін сапалы аударма жұмыстарын ұйымдастыру қажет.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді. Сонымен қатар Елбасы білім беру жүйесінде жаңа алфавитті енгізуде әдістемелік база мен мұғалімдер дайындаудың қажеттігін атап көрсетіп, үкіметке кезеңдеп енгізу жоспарын әзірлеуді тапсырды. 2022 жылға дейін қазақ тілін латын әліпбиіне көшіруді аяқтап, 2022 жылы жылы мектептерде оқытуды бастау жоспарлануда.

Латын қарпіне көшу – біздің жан-жақты ойластырған, мақсатты түрде ұлт мүддесі үшін қабылданған шешім. Сондықтан да көпшілік тарапынан қызу қолдау табуы баршамызды қуантады, бұл жұмыста нақты ісімізбен үлес қосуымыз керек.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді. 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды [1].

Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Өскелең ұрпақтың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, олардың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» – деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап өтті [2].

Біздің қазіргі кирилл әліпбиіндегі қазақ тіліміз – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, сонымен қатар Ресей, Өзбекстан, Қытай, Моңғолия және т.б. елдерде тұратын қазақтардың ана тілі. Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына, соның ішінде қарақалпақ, ноғай, қарашай тілдерімен бірге қыпшақ-ноғай тармағына жатады. Сонымен қатар қырғыз, татар, башқұрт, қарашай-балқар, қырым, құмық тілдеріне жақын. Қазақ жазуы бірнеше рет өзгеріске ұшырады. жазу тарихында қазақ тілінің әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық әліпби деңгейіне жеткен. 1929 жылға дейін Қазақстанда араб жазуы пайдаланылды. XX ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлы ұсынысымен қазақ фонетикасының ерекшеліктері ескеріліп жасалған, араб графикасына негізделген «төте жазу»

пайдаланылған. 1929-40 жылдар аралығында латын графикасына негізделген әліпбиді жазу жүйесіне енгізіп, 1940 жылдан бері қарай кирилл графикасы әліпбиін қолданып келеді. Мысалы, айта кетсек, Қазақ тілі үшін әр кезеңдерде және әр аймақтарда келесі жүйелер Қазақстан Республикасында кирилл жазуы негізінде, ресми түрде Қазақстанның бүкіл жерінде және Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында пайдаланылған. Тағы да көршілес Қырғызстан, Ресей, Түрікменстан және Өзбекстан елдерін бірыңғай мекендеген қазақ жұрты пайдаланады, сонымен бірге басқа ыдыраған КСРО республикаларында да пайдаланылады. Сонымен қатар Түркия, Германия, АҚШ, т.б. батыс елдерінде қазақ диаспорасы әртүрлі қалыпты емес латын жазуын пайдаланады [3]. Осылайша, қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы негізінен нақты саяси себептермен айқындалып келді. Латынға Түркия 1928 жылы көшсе, Өзбекстан, Әзірбайжан КСРО ыдырағаннан кейін ауысты. Сол елдердің тәжірибесіне қарасақ, мысалы, Өзбекстан 1928 жылға дейін өзбек тілі араб әліпбиін қолданған. 1928-40 жылдар аралағында жазулары латын әліпбиі негізінде болған. 1940-1992 жж. кириллица қолданылып. 1993 жылы өзбек тілі қайта латын тіліне көшіп, қазіргі кезге дейін қолданып келеді [4].

Еліміздің латын әліпбиіне көшу ұлтымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі. Ұлы Дала елінің тарихына көз жүгіртсек, бірінші тұғыры байлық – жер, екіншісі – тіл, үшіншісі – мемлекет және оның тарихы болуы керектігі айқындалады. Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» деген. Алаш қайраткерлері де латын әліпбиін жазу-сызуда қолданды. Бұл бізге таңсық дүние емес. Латын әліпбиі әлемде кеңінен қолданылады. Латын әліпбиі б.з.б. VII ғасырда Римде грек және этрус әліпбиінің тармағы ретінде пайда болып, б.з. I ғасырда қалыптасқан. Орта ғасырда латын әліпбиі Еуропаға тарайды. Африка, Америка және Азия халықтары пайдаланды. Қазіргі латын әліпбиінде 25 әріп бар. Дауысты дыбыстар е әрпі созылыңқы және қысқа айтылуына байланысты мысалы: Liber - тәуелсіз, Liber – кітап сөздердің мағыналары өзгереді [4, 238]. Бүгінгі күнге дейін Тіл саласының білікті мамандары латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің жобаларын жасауда қызу талқылауда ойларын да айтып бөлісті. Айта кетсек, солардың бірі - филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбектің пікірі: «Латын әліпбиіне көшудің қиыншылығы қазіргі біздің қолданып жүрген әліпбиіміз қазақтың төл әліпбиі емес, орыс тілімен араласып кеткені, бізге өзге тілден енген дыбыстар араласып кетсе онда кедергілер туындайтынын, латын әліпбиіне төл дыбыстарымызды баптап, соның аясында көшуін және қазақ жазуына тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек екенін, ол реформа үш мәселені дыбыс, әліпби және емле ережені бірдей қамтиды – деп айтты [5, (7)]. Әрине, ұлт үшін маңызды өзекті мәселелердің оңды шешілуіне қосып отырған кәсіби білікті мамандардың пікірлері ескеріліп, латын қарпіндегі қазақ әліпбиін жасалу жолдарына қатысты өрбісе және басқа жоғарыда аталған елдердің тәжірибесіне қарап салыстыра отырып жасалса құба-құп болар еді. Қазіргі уақытта ұялы телефондарда жарнамалар, хабарламалар латын әліпбиімен жазылуда. Сонымен қатар, интернет желісінде де латын әліпбиіне аударатын транскрипция орнатылған, бірақ орыс графикасында ғана жасалған, болашақта қазақ графикасында жасалады деген ойдамыз. Латын әліпбиіне көшуде осындай бастапқы жұмыстар атқарылып отыр.

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады демекпін.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / Егемен Қазақстан, 12 сәуір 2017 ж.
- 2 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан халқына Жолдауы / 14 желтоқсан 2012 ж.
http://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs
- 3 Қазақ әліпбиі / <https://kk.wikipedia>.
- 4 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б. Аяған. – Алматы. 2004 ж. – 238 б.
- 5 Латын әліпбиі: рухани тәуелсіздік жолы / Қазақ үні, 11 сәуір 2017 ж. – 7 б.